

Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы «Ашық есік» күн жалпы ата-аналар жиналысы

Хаттама №4

Өткізілетін күні: 26.01.2024ж.
Өткізілу уақыты: 19.00
Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналары, 1-11 сынып жетекшілері, пәні мұғалімдері, қамқоршылық кеңесі, Сарыарқа ауданы Ішкі Істер бөлімі маманы

Күн тәртібі:

2023-2024 оқу жылының I-жартыжылдық қорытындысы:

1. Мектептің оқу-тәрбие жүйесінің қызметі Кабылова Н. Қ., - директор
2. «Сапалы білім- оқу үдерісінің нәтижесі- Сармантаева А. Е. –ОЮ
3. «Біртұтас тәрбие жұмысы және құқықтық мәдениет»- Сулекеев К. К. -ТЖО
4. Білім алушыларға қолайлы әлеуметтік- психологиялық жағдай жасау және қолдау көрсету.- Турсунова Б.Х. – психолог
5. Әлеуметтік санатындағы отбасыларын қамтылу жағдайы- Нұртай Г. -әлеуметтік педагог
6. Құқық бұзушылықтың алдын алу, туралы ата-аналарға құқықтық кеңес- Сарыарқа ауданы Полиция бөлімі ювеналды полиция бөлімінің капитаны Мусабеков Е. Т
7. Қамқоршылық кеңесі- Урметова Г. М.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Мектептің оқу-тәрбие жүйесінің жоспарлы 2023-2024 оқу жылының I-жартыжылдық қорытындысы бойынша гимназия директоры Кабылова Н. К. күні тәртібімен таныстырып өтті.
2. Оқу ісі жөніндегі орынбасары Сармантаева А. Е «Сапалы білім- оқу үдерісінің нәтижесі» жайында I, II тоқсандағы оқушылардың білім сапасы туралы таныстырып өтті.

	Сыныптар											оқу жылының соңы
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
Оқушы саны	378	356	339	301	318	347	374	291	294	148	117	2785/378
Үлгісі	-	86	83	69	63	46	34	13/15	24/	6/14	7/10	327/442
Екпінді	-	156	133	124	143	151	118	83/105	79/	52/	46/53	1025/1141
Білім сапасы	-	67,9	63,7	64,1	64,7	56,7	55,4	32,8/41	35,4/	40/	45/	48,7/56,8
								46,8	50,6	53,8		

	2022-2023 оқу жылының аяғы		2023-2024 оқу жылының I тоқсаны		2023-2024 оқу жылының II тоқсаны	
	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%
1-4 сынып	1218	63,2	997	60,1	996	65,36
5-9 сынып	1327	33,2	1919	42,2	1924	53,17
10-11 сынып	224	58,8	262	42,3	265	52,08
Барлығы	2434	28%	2778	48,7%	2785	56,8%
	(2-11 сынып)		(2-11 сынып)		(2-11 сынып)	

№	Сыныптар	2023-2024 оқ. тоқсан		Диагн. нәтижесі	2023-2024 оқ. тоқсан		Диагн. нәтижесі
		I тоқсан Үлгістер	II тоқсан Үлгістер		I тоқсан Екпінділер	II тоқсан Екпінділер	
1	2 сыныптар	70	86	+16	149	156	+7
2	3 сыныптар	73	83	+10	129	133	+4
3	4 сыныптар	55	69	+14	124	124	-
Қабырғалы 2-4 с		198	238	440	402	413	+11
4	5 сыныптар	22	63	+41	146	143	-3
5	6 сыныптар	32	46	+16	121	151	+30
6	7 сыныптар	27	34	+7	97	118	+21
7	8 сыныптар	13	15	+2	83	105	+22
8	9 сыныптар	24	23	-1	79	97	+18
Негізгі 5-9 сынып		116	181	+65	526	614	+88
9	10 сыныптар	6	14	+8	52	61	+9
10	11 сыныптар	7	10	+3	46	53	+7
Жалпы орта		13	24	+11	98	114	+16

3. «Біртұтас тәрбие жұмысы және құқықтық мәдениет» I-жартыжылдық тәрбие жұмыстарының орындалуы туралы тәрбие жұмысының орынбасары Сулекеев К. К. таныстырып шықты. Тәрбие жоспарына сәйкес мектептің іс-шралары мен сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстарына тоқталды. Мектеп – ата-ана- қоғам бірлігінің бірлескен

тәрбие жұмыстарынан жүргізілген іс-шаралар, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы аясындағы «Ашық есік» күні туралы айтылды.



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыз № 61 бұйрығына қосымша. Мектепшілік есепке алу және шығару негіздемелері:


1. Академиялық үлгермеушілік;
 2. Отбасындағы жайсыздықтар;
 3. Қадағалаусыздық, панасыздық, қаңғыбастық, қайыршылық;
 4. мектептің Жарғысын және мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел немесе бірнеше рет бұзған;
 5. Сабақтарға дәлелсіз себептермен жүйелі түрде қатыспау;
 6. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау;
 7. Психикалық белсенді, уытты заттарды, есірткі құралдарын, спиртті ішімдіктерді тұтыну, темекі шегу.
4. Білім алушыларға қолайлы әлеуметтік- психологиялық жағдай жасау және қолдау көрсету бойынша психолог Турсунова Б.Х. атқарылған жұмыстарға тоқталып, оқушылармен, ата-аналармен, мұғалімдермен топтық, ұжымдық, жеке тренингтер, кеңес, сауалнамалар жүргізілетіні жайында түсіндіріп өтті. Психологиялық қызметтің қолдау мақсатында ұсынылатынын және залдағы ата-аналармен психологиялық жағымды ахуал орнатуда тренинг жүргізді.
5. Әлеуметтік санатындағы отбасыларын қамтылу жағдайы - әлеуметтік педагог Нұртай Г. 2023 жылдың тамыз-желтоқсан айларында оқушыларға әлеуметтік көмектің берілуі мен, мектеп асханасында сапалы тамақтың бақылануы айына екі рет брокеражды комиссияның акт жасап отыратынын атап өтті. «Мектепке жол» акциясы аясында жалпыға міндетті оқу айлығында әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына бір реттік жәрдем ақының құжаттары талаптарына сай тізім жасалып берілгеніне тоқталды. Мектептің әлеуметтік төл құжатын таныстырды.
6. Құқық бұзушылықтың алдын алу, туралы ата-аналарға құқықтық кеңес-тақырыбында Сарыарқа ауданы Полиция бөлімі ювеналды полиция бөлімінің капитаны Мусабеков Е. Т ата-аналарға кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдердің құқықтық жауапкершілігі жайында кеңес жүргізді.

7. Қамқоршылық кеңесінің 1-2 тоқсанында жоспарлы жұмыстары мен отырыстың өткізілуі туралы атап өтті. Әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына көмек беруде арнайы бұйрыққа сәйкес комиссия құрамының жұмыстарының жүргізілгені, мектептің «Ата-аналардың педагогикалық қолдау» жобасында ата-аналардың «Ашық есік» күнінде 1-11 сыныптардың ата-аналарымен түрлі сұрақтар барысында Урметова Г. М. бірлесе жұмыс жасалатыны айтылып өтті.

Қаулы:

1. Білім сапасының арттыруы мектеп пен ата-ана арасындағы бала білімін нығайту- ОЮ Сармантаева А. Е. және ата-аналарға назарға алу.
2. «Біртұтас тәрбие жұмысына мектеп, ата-ана, қоғамның бірлескен жұмысын іске асыруды ұйымдластыру – жауапты ТЖО Сулекеев К.
3. Білім алушыларға қолайлы әлеуметтік- психологиялық жағдай жасау және қолдау көрсетуді сынып жетекшілермен бірлесе жүргізу психолог. Турсунова Б.Х. жауапты.
4. Әлеуметтік санатындағы отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсетуді әлеуметтік педагог және қамқоршылық кеңесімен бірлесе жүргізу.
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын оқушы-ата-анаға құқықтық кеңесті жоспарлы жүргізу тәрбие орынбасарына тапсырылсын.

Хатшы:



Г. Оналбаева